

Шығыс Қазақстан облысы бойынша
Соттар әкімшісінің басшысы
Е.О.Айтпайға

Тарбағатай аудандық сотының төрағасы Садуақасова Кабира Мұхамедсағиқызына алғыс білдіремін!

«Медиация туралы» заң аясында отбасылық – тұрмыстық қатынастардан туындайтын дау-шарларды реттеудегі қызметі үшін.

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Біз жаңғыру жолында бабаларымыздан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді түлетуіміз керек» деп тұжырымдаған болатын.

Сол ізгі қасиеттердің бірі бітімгершілік, өзара ымыраға келу десек қателеспейміз. Бізде заңдар баршылық, алайда олардың толыққанды жұмыс жасауы үшін біріншіден құқықтық насихат, екіншіден құқықтық мәдениет жетіспейтіні шындық.

Қазір ауданымызда медиативтік келісімнің тараптарға тиімділігі және сот төрелігінің ашықтығы мен қолжетімділігіне деген жұрттың сенімін қалыптасты деп айтуға толық негіз бар.

Осы ретте жергілікті атқару органдарымен тығыз ынтымақтастық орнығып, кәсіби емес медиаторлардың тізімі бекітілді. Аудандық соттың ғимаратында, «Аналар орталығында» және барлық ауылдық округтерде медиаторға арналған кабинет жұмыс істеп тұрғанын айта кету орынды.

Аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы
Кәсіби емес медиатор:



Ж.Маханова

Кәсіби емес медиаторлар:



К.Хамзин



Х.Сәтиев.